«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

[illegible] № 15 НҚ

[illegible]

город Актобе

«Шұбарқұдық-Жылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының сумен жабдықтау қызметіне тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI Заңының 8-бабының 10) және 12) тармақшаларын, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген, Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының м.а. 2019 жылғы 15 тамыздағы № 1-НҚ бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті туралы ережесінің 14-тармағының 9) және 11) тармақшаларын және 19-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Шұбарқұдық-Жылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының өтінімі негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Шұбарқұдық-Жылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының сумен жабдықтау қызметіне 2021 жылдың 1 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілуімен:

1) 1 текше метр үшін 190,02 теңге мөлшерінде тариф;

2) осы бұйрықтың № 1 қосымшасына сәйкес тарифтік сметасы;

3) осы бұйрықтың № 2 қосымшасына сәйкес тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтердің шекті деңгейлері бекітілсін.

2. 2021 жылдың 1 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2015 жылғы 30 қыркүйектегі №189-НҚ «Темір аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Шұбарқұдық-Жылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының аз қуаттылық бойынша сумен жабдықтау қызметіне тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы» бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС

000466

3.Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Шұбаркұдық-Жылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. «Шұбаркұдық-Жылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны:

1) тұтынушыларды заңмен белгіленген мерзімде тарифтің бекітілгені туралы хабардар етсін;

2) тарифтің бекітілгені туралы тұтынушыларды хабардар еткендігі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне ұсынсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы **Н. Болатбаев**

Приложение №1
к приказу Департамента Комитета по
регулированию естественных монополий
Министерства национальной экономики
Республики Казахстан по Актюбинской области
от "[illegible]" [illegible] 20[illegible] года № [illegible]

Дифференцированные тарифы на услугу водоснабжения КГП "Шубаркудык-Жылу" по группам потребителей

Наименование СЕМ	Наименование услуг	Группы потребителей	Единица измерения	Действующий тариф
КГП "Шубаркудык-Жылу"	водоснабжение	средний	тенге/м3	198,02
		население	тенге/м3	110,90
		прочие	тенге/м3	272,24
		бюджетные	тенге/м3	808,31

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС